

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru

alatau\_gazeti

alatau\_gazeti

ӨЗЕКТИ

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ БЕЙӘДЕП СӨЗ ЖАЗБАҢЫЗ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ДЕГЕН БАР!

Баян ТАҒАТАРОВА  
«Алатау»

Бүгінде ғаламторсыз күн тұрмақ минутымыз да өтпейін болды. Қол боса бұл қалта телефонысыз дүниеден бос қалғандаймыз. Смартфонға тәуелділік деген жоғары сұраныс деңгейінде тұр. Тіркелген желілерімізді бір шолып шығып, әр жарияланымға ойымызды айтып кетпесек бір бос қалғандайсың... Сенің пікіріңді елеп жатқан ешкім жоқ, десек те жазу керек сияқты болып тұрады. Нақты айтқанда, ең сорақысы анайы сөздермен айтылған пікірлер әлемжеліде қаптап жүр. Тіпті ел басқарып отырған танымал азаматтар туралы орынды-орынсыз пікірлер жазылып жатады. Орындысын – дұрыс десек, орынсызына ренжиміз. Осы жазбалар неге бақыланбайды, неге тыйым салынбайды, осындай жазба жазғандар неге жауапқа тартылмайды? – деген сұрақтар мазанды алып жатады. Сұрағымызға жауап іздеп көрген едік, әлеуметтік желідегі әдепсіз сөздерге тыйым бар екен, заң жүзінде жауапқа тарту да бар. Ал біз соны білеміз бе? Білмейміз. Қазинформның мақаласына зер салсақ, адвокат Ольга Гаврик әлеуметтік желідегі пікір үшін қандай жауапкершілік қарастырылғанын жеткізді...

– Интернеттегі жарияланым – бұл үйде, жабық есік артындағы әңгіме емес. Интернетте жазба, фото немесе басқа материалға пікір қалдырғанда біз осы әрекеттерімізге жауапты боламыз, – дейді Ольга Гаврик. Маманның айтуынша, Қазақстанда жала, қорлау, араздық тудыру, елдің тұтастығын бұзуға шақыру сияқты әрекеттер үшін жауапкершілік қарастырылған. Бұл әрекеттер үшін әкімшілік те, қылмыстық та жауапкершілік бар.

Мысалы, адамның абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін төмендететін өтірік ақпаратты жариялау немесе бұқаралық ақпарат құралдары

мен байланыс желілері арқылы таратқан әрекеті үшін: жеке тұлғаға 180 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл немесе 20 күндік әкімшілік қамау, ал лауазымды тұлғаға 650 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл немесе 25 күндік әкімшілік қамау тағайындалады. Интернетте жәбірлеу, тіл тигізу үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 131-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.


Әлемжелідегі жауапкершілік дүниежүзілік тәжірибеде бар дүние. Мысалы, басқа елдерде де әлеуметтік желіде ар-намысқа тиетін сөздер үшін жауапкершілікке тартылады.

Германияның соты Facebook желісінде федералды канцлер Фридрих Мерцке ар-намысына тиетін сөздер айтқаны үшін екі азаматты сотқа тартты, – деп хабарлайды Kazinform-ның ЕО-дағы меншікті тілшісі.

Екі азамат та сот шешімімен 2 мың еуродан асатын сомада айыппұл төлеуге міндеттелді. Тағылған қылмыстық айыптың басты себебі – канцлер Ф.Мерцтың Хайль-



бронн қаласына сапарына байланысты қала полициясының хабарламасы болатын. Бұл хабарламаға әркім әртүрлі пікір айтып, жалпы пікір білдіргендер саны 400-ден асқан. Пікірлер әртүрлі бағытта айтылған. Хайльбронн қалалық прокуратурасы айтылған пікірлер ішінен 39 адамның пікірін іріктеп алып тексеру нәтижесінде 2 пікір білдірушінің шектен тыс кетіп, бірі канцлерді «суайт Фриц» десе, екіншісі ұят сөздермен



канцлерге тіл тигізген. Германия соты мұндай келеңсіз қылықтар саяси лауазымда отырғандардың беделін түсіруге арналған әрекет деп қабылдады.

Өзбекстан да әлеуметтік желідегі бейәдеп сөз үшін әкімшілік жаза енгізілген. Өзгеріске сай, интернетте, оның ішінде әлеуметтік желілерде бейәдеп сөздерді қолданып, азаматтардың ар-намысын қорлайтын әрекетке барғандар енді әкімшілік жауапқа тартылады.

### ҚАЗАҚСТАНДА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ БАЛАҒАТ СӨЗДЕРҮШІН ЗАҢҒА ТҮЗЕТУЛЕР ДАЙЫНДАЛУДА

Соңғы күндерде Премьер-министр Олжас Бектенов Қазақстанда әлеуметтік желілер мен онлайн-платформаларда балағат және былапыт сөздер қолданғаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізуді

көздейтін түзетулер әзірленіп жатқанын мәлімдеді, – дейді Tizgin.kz сайты.

Желідегі бейәдеп сөздерін «психологиялық тәжірибе» деген желеумен ашық түрде қолданғандар үшін, премьер-министр айтқандай, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне «өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленіп жатса, ол заң талқыланып, қабылданатын күн де алыс емес.

Аңдамай сөйлеген – ауырмай өледі, – демекші, адам өз сөзінің салдарын ойламай, өзіне де, өзгеге де зиян тигізуі мүмкін. Ойлансыз сөйлемесеңіз қиындыққа кез боласыз деген қазақтың осы мақалын ескеріп, абайлап сөйлеп, «әлемжелі деген бір еркін дүние екен, айтқым келсе айтамын, ауыз өзімдікі», – деп келте ойламасақ, абайсыз айтылған сөз күйзеліске ұшыратуы мүмкін. Қысқасы біздің түсінгеніміз, әлемжелідегі әдепсіз сөздер «ит үреді, керуен көшеді» дегендей емес, қадағалаусыз жерде қалмайтын сияқты. Соған қарағанда әлемжелідегі әдепсіз сөздерге болатын тыйымдар алда дейік.

## БАСПАСӨЗ - 2026

### Жазылу базасы:

редакция арқылы

6 айға – 2 106 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

6 айға – 3 275,48 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

6 айға – 4 462,64 теңге.

### Цена подписки:

через редакцию

на 6 месяцев – 2 106 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на 6 месяцев – 3 275,48 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на 6 месяцев – 4 462,64 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534 Подписной индекс для других регионов РК: 65534



«АЛАТАУҒА»  
ЖАЗЫЛУДЫ  
ҰМЫТПАДЫҢ БА?